

Болашақ ұланмың

Оспанова Райхан Койшибековна
«Павлодар қаласының №35 сәбилер бақшасы» КМҚК
ән-күй жетекшісі

Сабактың мақсаты: тәрбиеленушілерді отансүйгіштікке, батырлық пен батылдыққа баулу. Жеңіске 67 жыл, 7 мамыр «Ұландар» күніне орай ұл балалар арасында «Болашақ ұланмың» сайысын ұйымдастыру. Бойындағы өнерлерін көрсетіп, жеңіске жетуге талпыну. Мәдениеттілік пен әдептілікті бойларына сіңіріп, шығармашылықтарын одан әрі дамыта түсу.

Көрнекілігі: әдемі безендірілген шарлар, плакатқа салынған суреттер мен мақал-мәтелдер.

(Музыкалық композициясы жалаумен «Прощание славянки»)

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, қонақтар, балалар! Жеңіс күні құтты болсын! Бүгін осындай ұлы күнді тойлауға жиналып отырмыз. 9-мамыр біздің елімізде Жеңіс күні аталады. Себебі дәл осы күні біздің еліміз Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Фашистық Германияны тас-талқан етіп жеңіп, біздің аталарымыз осы күні бізге ұлы Жеңіс күнін тойлатқаны – естен кетпес оқиға. Еске алайық Соғыстан қайтпаған сарбаздарымызды. Бәріміз орыннан тұрайық, бір минутке үнсіздік жариялаймыз. (Минута үзіліс)

1-бала:

Дүниежүзілік соғысты
Бейбітшілік жеңген күн.
Ондай сөғыс жер үсті
Болмасына енді сенген күн.

2-бала:

Болдырмауға соғысты
Тойлаймыз біз жеңісті.
Қалалар келіп қалпына
Құлпыра түсті жер үсті.

3-бала:

Бұл соғыстан қазақтар
Ерекше ер боп келген күн.
Тарихқа талай ғажаптар
Аңыз болып енген күн.

4-бала:

Фашистің күнін батырған
Сұрапыл соғыс біткен күн.
Рейхстагқа Рахымжан
Жеңістің туын тіккен күн.

5-бала:

Мәлік, Қасым; Бауыржан
Жеңіспен елге қайтқан күн.
Айрылған әке, бауырдан
Туысқа көңіл айтқан күн.

Ән «Жеңіс күні тойлаймыз»

Жүргізуші: Міне, бүгін де Жеңіс күні мен «Ұландар күнін» тойлағалы жатырмыз. Баршаңызды Жеңіс күнімен ал, әкелер мен ұлдарымызды 7-мамыр «Ұландар» күнімен құттықтаймыз.

Береке де осында,

Мереке де осында.

Болып жатыр той-думан,

Қырандардың қасында, -

Дей келе, балабақша ұлдары арасында өткізгелі тұрған «Болашақ ұланмың» сайысын ашық деп жариялаймыз.

1-бала:

Асқақтаған ән дайын,
Күмбірлеген күй дайын.
Ал, қанекей қырандар!
Босқа қарап тұрмандар.

Бастап жігіт өнерін,

Алыстарға самғандар, -
деп сайыскерлерімізді қошеметпен қарсы алу.

(Сайыскерлер әнмен «День победы» кіреді)

Жүргізуші: Сайысымыздың жоспарымен таныстыру:

I. «Мен Болашақ ұланмың» таныстыру;

II. «Мен күштімін, мен батылмын» (ползание попластуни, «Сбей гранаты» -кегли);

III. «Ерлік туралы мақал-мәтелдер»;

IV. Күш сынасу (отжимание, аймреслинг);

V. Қорытынды.

2-бала:

Келді міне, бүгін сын алуға,
Сын алып үлкендерден үлгі алуға.

Салты бар өнерлі осы ортада,

Берер деп әділқазы әділ баға.

Әділқазы алқасымен таныстыру.

(Сайыскерлер орындарға отырады)

I

2-бала:

Беташар сайысымыздың бастайық,
Көрерменді бір серпілтіп тастайық.

Сайыскерлер таныстырып өздерін,
Білгірлерді ду қол соғып қостайық.

3-бала:

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Ұландарды құрметтеп,

Бийге шақырайық.

Би «Катюша»

4-бала:

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,
Би билеп, ал біреуі ән салыпты.
«Өнерлінің өрісі кең» байқауында,
Қол соғып, барша халық тамсаныпты.
«Мен Болашақ ұланмын» таныстыру

II

5-бала:

Мың бұралып би билеп,
Шығамыз біз ортаға.
Бүгінгі той тамаша,
Қуанамыз балаша.
«Достық би»

6-бала:

Білім оймен арымыз,
Рухани нәріміз.
Сайыскерлер сіздерге,
Қол соғамыз бәріміз.
«Мен күштімін, мен батылмын» (ползание по-пла-
стунски, «Сбей гранаты» -кегли) өнер көрсету

III

7-бала:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй.
Ән «Солдат болам мен ерген»
«Ерлік туралы мақал-мәтелдер»

IV

8-бала:

Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Ер өнері білінбес,

Қоян-қолтық алыспай.

Күш сынасу

V

9-бала:

Мың бұралып би билеп,
Ән де салып береміз.
Осылайша шаттықпен,
Біздер өсіп келеміз.
Ән «Егеменді ел – Қазақстан»
Әділқазыларға сөз. Марапаттау.
Жүргізуші:
Бүгін міне, оң болып әр сөзіміз,
Жоғары боп күш-жігер намысымыз.
Осылайша қуанышпен думандатып,
Аяқталды халайық сайысымыз.

1-бала:

Жеңіс атты аталар,
Бұл қалада көп бар,
Тілін алып балалар,
Аталарды сыйлаңдар!

2-бала:

Олар сонау ерлердің,
Алып берген Жеңісі,
Біз солардың бөбегі,
Біз солардың жемісі.

3-бала:

Ардақты батыр ағалар,
Сүйікті біздің әкелер,
Біз де өсіп-толамыз,
Өздеріндей боламыз.
Ата жолын қуамыз,
Айтқан сертте тұрамыз.
Ән «Әрқашан күн сөнбесін...»